

КАМЗЕНОВА ДИНАРА БАҚЫТБЕКОВНА

**Несиелік қызмет көрсетуді жетілдіру негізінде аймақтық
агрокәсіпкерліктің дамуы**

6N0508 – «Есеп және аудит»

мамандығы бойынша экономика ғылымдарының
магистрі академиялық дәрежесін ізденуге арналған
магистрлік жұмыстың
Рефераты

Жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде (Өскемен қаласы) орындалды.

Ғылыми жетекшісі:

экономика ғылымдарының доценті

Какимжанов З.Р.

Ресми оппоненті:

экономика ғылымдарының кандидаты

Демесинов Т.Ж.

Қорғау 2010 жылы «23» маусымда сағат 9-00 ШҚМТУ-нің 6N0508 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссия отырысында өткізіледі,

Мекен-жайы: 070004, Өскемен қ., Серікбаев көшесі 19, ШҚМТУ, ауд. Г3-216.

Магистрлік жұмыспен ШҚМТУ ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Реферат 2010 жылы «22» мамырда таратылды.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Агрокәсіпкерлік – бүгінгі өркениетті дүниежүзілік экономикалық даму жүйесіндегі болашағы күмән келтірмейтін салалардың бірі болып саналады. Қазіргі таңда агрокәсіпкерліктің, оның негізгі өрісі ауылшаруашылығының келешектегі дамуына мемлекеттің тұрақты әлеуметтік – экономикалық жәрдемінің керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін аграрлық реформаны іске асыру барысында ауылшаруашылығының тұрақты келешекте бірқалыпты дамуы үшін біраз заңдар қабылданды. Осы заңдар негізінде мемлекеттің әртүрлі аймақтарында ауылшаруашылығы дамыту жөнінде бағдарламалар қабылданды.

Қазақстан экономикасының дамуына, өсуіне, ұлттық табыс, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесі және тағы да басқа көрсеткіштердің артуына тікелей әсер етеді. Кейінгі жылдары елімізде агробизнес кәсіпкерлікті дамытуға көбірек көңіл бөліне бастады. Агробизнестің дамуының бірден бір көзі банктік несиелер болып табылады. Экономиканың нақты секторын коммерциялық банктердің несиелеуі – ұлттық экономиканың өсуіне олардың қосқан үлесі, басқа жағынан қарағанда банктердің атқаратын өзінің қызметтері қаржылық сектордың, яғни экономиканың ажырамас бөлігі. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттерінің шаруашылық өмірі үшін пайдалы, әрі тиімді.

Агрокәсіпкерлікті қаржылық қолдаудың көлемі жыл сайын өскеніне қарамастан, бұл бағытта келесідей мәселелі сұрақтар туындайды:

- субсидиялау тек қаржыландыру көлеміне қосылмаған ингредиенттер мен қосымша материалдарға шығындар мен шикізатты сатып алу бойынша шығындарға ғана бағытталған;

- несиелеудің қысқа мерзімі (1 жыл) және тендерді жүргізу бойынша созылмалы үрдісі;

- толық көлемде субсидияны алу үшін және бағдарламаға қатысуда банктен толық тәуелділігі;

- ірі кәсіпорын үшін жылдық айналымы 1500 ден 5000 млн.тг дейін болып келетін несиелер ресурстарының бекітілген шегі (150 млн.тг) тиімді емес;

- қуаттылығы аз кәсіпорын үшін банктің онымен жұмыс істегісі келмегендіктен субсидияланған айналым қаражаттарының жеткіліксіздігі және т.б.

Жоғарыда келтірілген мәселелі сұрақтармен байланысты келесідей шараларды қабылдау қажет:

- несиелеу мерзімін ұзарту;

- ірі кәсіпорындарға несиелік ресурстардың шекті мөлшерін жоғарлату;

- квартал нәтижесі бойынша кәсіпорындарды тура субсидиялаудың механизмін бекіту және құрастыру;

- техникамен және құрылғылармен ауылшаруашылықты қамту және агроөндірістік кешеннің субъектісін несиелеу кезінде пайыздық ставканы субсидиялау;

- ҚҚС төлемейтін шикізат құныдылығына ауылшаруашылық өнімін қайта құрастыру бойынша кәсіпорын үшін ҚҚС бойынша салық салу базасын қысқарту жағына түзетулер жолымен салық ауыртпашылығын төмендету.

Банктердің агробизнеске несиелік ұсынуының тиімділігін арттыру, ынталылығын көтермелеу, Қазақстан экономикасының жағдайына сәйкестендіру механизмімен жетілдіру бүгінгі күннің талабы.

Банк саласы Қазақстан Республикасы экономикасының дамушы саласының бірі болып табылады. Бүгінгі күні агробизнесті дамыту үшін мемлекет тарапынан түрлі жаңа қадамдар жасалынады.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы агробизнес кәсіпкерлікті несиелеу мәселелерін талдау.

Зерттеудің міндеттері. Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау шарт:

– агробизнестің экономиканың дамуындағы алатын рөлін көрсету және оның мазмұнын ашу;

– кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекет тарапынан жүргізілетін қаржы-несиелік және инвестициялық қолдау саясатына жан-жақты тоқталу;

– кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін несиелеудің тәжірибелік мәселелерін қарастыру және оған баға беру;

– шет елдік және отандық несиелеу үдерісінің тәжірибелік мәліметтеріне сүйене отырып агробизнес субъектілерін несиелеуге зерттеулер жүргізу;

– кәсіпкерлік субъектілерін несиелеуді жетілдіруге байланысты ұсыныстар мен тұжырымдар жасау.

– ауылшаруашылығындағы лизингтік операцияларды талдау.

Зерттеу объектісі – Шығыс Қазақстан облысы бойынша агрокәсіпкерлікті несиелеу.

Магистрлік жұмыстың тәжірибелік құндылығы келесіде қорытындылады:

- агрокәсіпкерлікті несиелеудің тиімді жолдары және экономикалық аймақтардың инновациялық даму жағдайындағы қаржыландыру көздерін мен Қазақстан экономикасына сәйкестендірілген механизмін жетілдіруге байланысты ұсыныстар мен тұжырымдамалар жасалынды.

Магистрлік жұмыстың негізгі жағдайы мен ізденіс нәтижелерінің анықтылығы жүйелік талдау негізінде аймақтық агрокәсіпкерлікті несиелеу және де мемлекеттік қолдау мен қаржыландырудың сенімді және нақты теориясын, сонымен қатар агрокәсіпкерлікті басқарудың жетілдіру үлгісін қолданумен қамтамасыздандырылған.

Магистрлік жұмыстың ғылыми жаңалығы: зерттеудің ғылыми жаңалығы жеңілдік шартында агрокәсіпкерлікті арнайы қордан несиелеу қызметінің жетілдіру сызбасында қорытындыланады.

Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдамалар:

- қоғамдағы тұрақтылықтың әлеуметтік-экономикалығының сақтауға арналған мемлекеттің жағынан ауылшаруашылығының қолдауын нақты қажеттілік және бюджеттік несиелік берудің ұтымдылығы бұл мемлекеттік

аграрлық саясаттың бағыты агроөнеркәсіптік кешеннің жұмыс жасауын қамтамасыз етудегі бастапқы мәліметінің маңызды орындары алдын ала анықтады;

- қазіргі таңдағы агрокәсіпкерлікті несиелеудің негізгі аспектілері;
- агрокәсіпкерліктегі инновациялық жобаларды қаржыландыру әдістері;
- кәсіпкерлікті дамыту қаражатынан агрокәсіпкерлікті несиелеудің жетілдіру сызбасы.

Жұмыс сынамасы (апробациясы) және оның нәтижелерін енгізу. Магистрлық жұмыстың негізгі жағдайын «Жастар өнері – Қазақстанның инновациялық дамуы» (ШҚМТУ, 2010 ж. сәуір): студенттер, магистранттар, аспиранттар мен жас оқытушылардың X Республикалық ғылыми-техникалық конференцияларында талқыланды.

Жұмыстың талқылануы. Орындаған зерттеу нәтижелері бойынша ШҚМТУ Хабаршысында мақалалар жарияланған.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі. Магистрлық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жұмыс мазмұны компьютерлік теру түрімен мәтіннің 80 бетінде баяндалған, 19 кесте және 14 суреттен тұрады.

Негізгі бөлім

Магистрлық жұмыстың бірінші бөлімінде Қазақстан Республикасындағы агрокәсіпкерлікті қаржыландыру және мемлекеттік қолдау бағдарламалары, агрокәсіпкерлікті басқарудың жетілдіру үлгісі қарастырылған. Сонымен қатар ауыл шаруашылығының субъектілері қазіргі кезде қаржылық тапшылық көріп отырған кезде, қымбаттап кеткен техниканы бірден өз бағасына сатып алу өте қиын болғандықтан, агро бизнесті тығырықтан шығарудың бірден бір жолы техниканы жаңартудың тиімді жолы етінде лизинг және лизингтік операцияларды қаржылық ұйымдар арқылы ұйымдастыру әдістері мен олардың тиімділігі қарастырылған. Алайда агробизнес алдында тұрған мәселелердің жеткілікті екендігі анықталды. Агробизнестің дамуына кері әсер ететін бірқатар факторларды былайша топтауға болады:

Кесте 1 – Агробизнестің дамуына кері әсер етуші факторлар

Кедергілер	2007 ж.	2008-2009 жж.
1. Салық саясаты	2	1
2. Жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы	1	2
3. Несие саясаты	4	3
4. Өнімді өткізу мәселесі	–	4
5. Шикізатпен қамтамасыз ету мәселесі	5	5
6. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл	3	6

Келтірілген мәліметтерден (1-ші кестеден) көріп отырғанымыздай Қазақстан нарығында агробизнес кәсіпорындардың тиімді қызмет етуіне кедергі болып отырған мәселелердің бірі – салық саясатының жетілмегендігі. Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамыту факторларын атайтын болсақ онда мына төмендегі жағдайды көруге болады. Аталған мәселелерді салық заңнамасында шешу үшін мыналар қажетті болып келеді:

- жаңа өндірістік – инновациялық кәсіпорындарға салық салудың жеңілдетілген режимін енгізу;

- өндірістік сектордағы кәсіпорындардың несиені өтеу кезінде салық салу процедурасын қайта қарау;

- ынталандырушы салық режимін орындау жолымен шағын бизнеске жанама қаржылық талдау көрсету;

- салық саясаты шағын кәсіпкерлік субъектілер санының өсуін ынталандырушы, жұмыс орындарының өсуіне, өндірілген жұмыстар мен көрсетілген қызметтердің экономикалық реттеушісі болуы керек.

Агробизнес субъектілерінің жұмысына кедергі болатын мәселелердің екінші түрі – жалпы экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы. Яғни, АҚШ доллары бағамының тез өзгеретіндігі, макроэкономикалық жағымсыз өзгерістерге байланысты инфляция және жоғары тәуекелдер, әлемдік қаржы дағдарысының орын алуы және т.б.

Үшінші орында кәсіпкерлер несиені алу кезінде туындайтын қиыншылықтар мәселесі. Кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіріп отырған бұл мәселе субъектілердің өзінің инвестициялық және айналымдағы мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының жоқтығы болып табылады. Республика бойынша агробизнес субъектілермен жүргізілген анонимді сауалнаманың мәліметтері бойынша, агробизнестің алдында тұрған ең негізгі мәселе – несиелік ресурстарға шығу жолының қиындығы.

Төртінші мәселе – шикізатпен қамтамасыз етілуі мен өнімді өткізуі. Өнімді өткізу кезінде қиыншылықтардың пайда болуының бірден-бір себебі – бәсекелестік ортаның жоғарылығы. Ауылшаруашылық кәсіпкерліктің дамуына кері әсер ететін басқа да факторлар ауылшаруашылық кәсіпкерліктің қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамадағы нормалардың жетілдірілмеген және кей жағдайда нақты нормалардың болмауы болып табылады, бұл әкімшілік кедергілерді ұлғайтуға әкеледі.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға әр түрлі көздерден 11560 млн. теңге, соның ішінде республикалық бюджеттен 8640 млн. теңге, облыстық – 485 млн. теңге және басқа көздерден 2435 млн. теңге тартылды.

АӨК қазіргі заманға байланысты қаржыландырудың негізі «Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу туралы» заңға сәйкес анықталады. Аграрлық сектордағы АӨК мемлекеттік қаржыландыру жүйесі келтірілген (сурет 1).



Сурет 1 - АӨК мемлекеттік қаржыландыру жүйесі

Екінші бөлімде Шығыс Қазақстан облысының аймақтары бойынша зерттеудің жалпы әдістемелік талдауы келтірілген. Шығыс Қазақстан облысының аймақтары бойынша бес жылға ауыл шаруашылық өнімдерінің жалпы көлемінің талдауы, агрокәсіпкерлердің саны және екінші деңгейлі банкпен мемлекеттік бағдарламаны орындау кезіндегі берілген несиелердің көлеміне талдауы жүргізілген.


Екінші деңгейлі банктің мемлекеттік бағдарламаны орындау кезінде тікелей емес қатысушылары болып табылады, экономиканың аграрлық секторында мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы екінші деңгейлі банктердің қатысу үлесін талдайық. Банктермен ауыл шаруашылықты қаржыландыру мөлшерінде біздің облыс бойынша аграрлармен қуана-қуана жұмыс істейтін банктер болып табылады: «Темірбанк» АҚБ, Семей және Өскемен бөлімшесінің «БТА» АҚ, және де Семей бөлімшесінің «Қазақстанның Халық банкі» АҚ. Егер осы жаздық кезеңге ауыл шаруашылықты қаржыландыруды қарастырсақ, онда республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттардың өсу тенденциясы 2009 жылы 26,6% құрады, ал 2008 жылға дейін ол тұрақты болып табылады.

Екінші деңгейлі банкпен мемлекеттік бағдарламаны орындау кезіндегі берілген несиелердің көлеміне талдауы жүргізілген (1-ші кестеден 2007-2010 жылдарға берілген несиелері ұсынылған).

Кесте 1 – 2007-2010 жылдарға берілген несиелер, млн.тг.

ЕДБ	2007	2008	2009	2010	Барлығы	%
		Респ. бюджет	Респ. бюджет	Респ. бюджет		
«БТА» АҚ (Алматы)	162	40	30	40	272	13
«БТА» АҚБ (Өскемен)	60	76,093	51,8	100	308,89	14,9
«БТА» АҚБ (Семей)	16	28,02	55,976	83,5	256	12,3
«ҚХБ» АҚБ (Өскемен)		2	8,15	5	17,45	0,84
«ҚХБ» АҚБ (Семей)	6,5	23	66,458		260,96	12,6
«БЦК» АҚБ (Өскемен)	17	28,683		6	51,683	2,5
«БЦК» АҚБ (Семей)		15			15	0,72
«Нұрбанк» АҚ (Өскемен)		1	4,6	2	12,1	0,58
«Альянс банк» АҚБ (Өскемен)			17,6	64,9	82,5	3,97
«Наурыз банк» АҚБ (Семей)		34,813	5,894		40,707	1,96
«Наурыз банк» АҚБ (Өскемен)				3	3	0,14
«Казком. банк» АҚ (Өскемен)			99,8	98,5	198,3	9,54
«Темірбанк» АҚ (Өскемен)	374,9				420,79	20,2
«АТФ банк» АҚБ (Өскемен)				23	23	1,11
«АТФ банк» АҚБ (Алматы)		95,5			95,5	4,6
«Иртісбизнесбанк» БАҚ (Семей)	15				15	0,72
«Фермерлерге көмектесу» ҚҚ				5	5	0,24
Барлығы	651,4	344,109	340,278	430,9	2077,88	100

Сонымен қатар, ШҚО аймақтары бойынша несиелік ұйымдар санының динамикасы 2-ші суретте берілген. Оның ішінде 8 НС құруға – 42 млн теңге, НС несиелендіруге – 3 766,9 млн теңге, Бірлестіктерді несиелендіруге – 700 млн теңге, ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлерін несиелендіру бағдарламасын іске асыруға – 700 млн теңге бөлініп отыр. Берілген несиелердің қайтарылу көрсеткіші 99,7 пайыз.



Сурет 3 – ШҚО-ның аймақтары бойынша ауылдық жерлердегі несиелік ұйымдар саны

Магистрлық жұмыстың үшінші бөлімінде несиелік қызмет көрсетеуді жетілдіру негізінде аймақтық агрокәсіпкерлердің даму механизмі сипатталады. Яғни, қазіргі таңдағы агрокәсіпкерлікті несиелеудің негізгі аспектілері, агрокәсіпкерліктің инновациялық жобаларын қаржыландыру әдістері баяндалған. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру әдістері ретінде фирманың шаруашылық жағдайымен, ағымдық қызметінің жоспары мен дамуына байланысты қаржыландырудың спецификалық көздерін қолдануды білдіретін инновацияны қаржыландырудың тәсілдерін түсінеді. Қаржыландырудың барлық әдістері тікелей және қосымша болып бөлінеді. Инновациялық жобаны тікелей қаржыландырудың кезеңінен таралған көздері ретінде келесілер табылады:


- 1) банктік несиелер;
- 2) бағалы қағаздарды несиелеуден қаражаттар;
- 3) жобаны жүзеге асыру үшін жеке кәсіпорынның құруымен басқа инвестициялар;
- 4) бос ақивтерді жалға беруден немесе сатудан қаражаттар;
- 5) инновациялық несиелер;
- 6) фирманың меншікті қаражаттары (табыс, амортизациялық қорлар);
- 7) қысқа мерзімді жобалардан табыстар;
- 8) мүліктен алынған қаражаттарға;
- 9) лицензиялар, пакеттерді сатудан табыстар;
- 10) факторинг;
- 11) форфейтинг.

Қосымша әдістерге, өз кезегінде қажетті материалды-техникалық еңбектік және ақпараттық ресурстарымен инновациялық жобаларды қамтамасыз етуге мәні нәтижеленетін әдістер жатады. Осындай әдістерге келесілер жатады:

- құрылғының жобасын орындау үшін қажеттілікті лизингке алу немесе мерзімін кейін қалдыруда сату;
- «роялти» фирмасындағы соңғы төлеммен лецинзияны қамту;
- қажетті ресурстарды лизингке алу немесе жеткізу формасында төлеммен бағалы қағаздарды орналастыру;
- талап ететін еңбек ресурстарын тарту және «ноу-хау» мен білім түрінде жобаға салымдарды тарту;

Терең қаржылық жағдайдағы аграрлық аясындағы кәсіпорынның меншікті қаражаттары мен инновациядағы несиелік ресурстары өте шектелуі. Сонымен қатар, қазіргі таңда несиені қолданғаны үшін пайыздық қойылымы аздаған инновациялық жобаларды жүзеге асыру кезінде әкелетін табыс мүмкіндігі тек осы пайыздарды төлеу үшін ғана жеткілікті болып табылады және де қаржылық-несиелік ұйымдар ұзақ мерзімді және жоғарғы тәуекелді инновациялық жобаларды несиелеуге құлшынбайды. Осы жағдайда инновациялық мақсатқа қаржылық ресурстарды мобилизациялаудың тиімді әдістерін іздеу қажет. Осы кезеңде инновациялық үрдістерді дамытуда мемлекеттік ролі күшейтілуі қажет.

Ең алдымен, қаржыландырудың тікелей әдісіне тоқталайық, ұсынылған әдістерді келесі 4-ші суреттен көруге болады.



Сурет 4 – Иновациялық жобаларды тікелей қаржыландырудың көздері

Агрокәсіпкерлерді қаржыландырудың келесідей жолдары қарастырылған:

- 1) екінші деңгейлі банктің агроекәсіпкерді несиелеу;
- 2) «Аграрлық корпорация» АҚҰ қаражаттарды ұсыну;
- 3) ауылдық несиелік кооперативтердің ұйымы;
- 4) «Фермерлерге көмектесу» Қоғамдық Қорының қаражаттары;
- 5) қайта өндіруші және тағам өндіріс кәсіпорындары мен компанияның қаражаттары;
- 6) республикалық және жергілікті бюджеттерден ақша қаражаттарды бөлу.

Сонымен қатар, агроекәсіпкерлерді несиелеудің спецификалық белгілері сипатталады, оларға жататындар:

- 1) несиелеудің жалпы көлеміндегі нашар және сенімсіз ссудалардың жоғарғы үлестік салмағы;
- 2) өтімділік кепілінің қолжеткіліксіздігі;
- 3) аймақтық ауылшаруашылық кәсіпорындарына несиегер жағынан қиындық туғызатын талдау мен бақылау;
- 4) нарықтық тербелістер мен табиғи жағдайлардан тәуелділігі жоғары және рентабельділігі төменділігімен негізделген жоғарғы нарықтық және несиелік тәуекелдер;
- 5) ауылшаруашылық өндірушілерін ақпараттық кеңес беру қолдауының дамымаған;

6) жаңа технологияны тапсыру мен аграрлық ізденістердің қолдану арқылы өнім сапасын жоғарлату мен өндіріс тиімділігін жоғарлату үшін ауылшаруашылық ғылымының жеткілікті дамымаған.

Өз кезегінде, жоғарыда келтірілген ерекшеліктер шешімі осы немесе басқа деңгейде орындалып жатқан мәселелерді ашып көрсетеді. Нақты шараларды жүзеге асыру ауыл шаруашылығында қаржылық-несиелік қатынастарының ұйымдарын мәнді жақсартады, бұл соңында агроөндірістік кешеннің шаруашылықтарын қаржылық жағдайын ынталандыруға және оның тиімділігін жоғарылатуға әкеледі.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталатын мемлекеттік қаржыны тиімді қолдану, көтеруге және Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік субъектілерінің экономикалық өсуін және құрылуын ынталандыру мақсатында құрылған даму институттарының бірі «Шағын кәсіпкерлікті қолдау қоры», «Самұрық-Қазына» қоры, «Даму» Қоры, сонымен қатар «КазАгро» корпорациясы, «Аграрлық несиелік корпорациясы» және т.б. болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы жеңілдік несиелеудің сызбасы несиелік серкітестіктің жүйесі ретінде тиімді жұмыс істейді. Жеңілдік несиелеу қаражатынан агроекәсіпкерлікті несиелеудің сызбасынн жетілдіруі келесідей талаптарға жауап беру қажет:

Біріншіден, бюджеттік үрдістің көзқарасынан, банктік-агенттердің бюджеттік қаражатын алу шартының оптималды анықтау есебінен коммерциялық несиелеудің – «қолма-қолсыз қорын» қалыптастыру құралы

мен ауылшаруашылық тауар өндірушілердің нақты емес несиелеудің банктік өтімділігін қолдау құралы ретінде жеңілдік несиелеу қаражатын қолдану мүмкіндігінің минимумына әкеледі.

Осы талаптарды қадағалау үшін мемлекеттігі ақша қаражаттарды басқару бойынша қызмет ететін және құрылған екі жүйені қолдану керек: қазыналық және банктік.

Ұсынылған сызбасы алынған ресурстарды жылдам және тиімді бөлу үшін рұқсат етеді және де келесідей оңды кезеңдерді ажыратуға болады:

Біріншіден, аймақтық қаржылық тұрақты банктерді қордың қаражатымен жұмысқа тартады. Ұсынылатын сызбада мемлекет ресурстарды бөлу үшін ең тиімді өлшемсіз тармақты желіні алады, сондықтан бұл жағдайда ірі банктер бөлімшелеріне орта және шағын аймақтық несиелік ұйымдарды қосады.

Екіншіден, банк-агенттің максималды үлкен сандарының ішінде арнайы қордың қаражатын бөлу мемлекет үшін жеңілдік несиелеу жүйесінің қызмет ету сенімділігін мәнді жоғарылатады.

Үшіншіден, ұсынылған несиелеудің сызбасы жергілікті банкаралық бөлімшілерінің арасында бірдей теңдікте бәсекелесуге рұқсат етеді.

Ұсынылатын сызбасы толық болмайды, егер оған Қордың қаражаттарын қайтаруға банктердің нақты жауапкершілігін қоспаса.

Қазыналық пен банктік қадағалаулардың орындаған кешендерінің ұсынылатын шараларын жүзеге асыруы жеңілдік несиелеу қорының толықтығын мәнді жоғарлатуына әкеледі. Осындай жұмыстың шаралары агроөндірістік кешенінің кәсіпорындарына бағытталған.

Қорытынды

Магистрлық жұмыстың ізденіс нәтижесі бойынша қысқаша қорытынды:

1. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін аграрлық реформаны іске асыру барысында ауыл шаруашылығының тұрақты келешекте бірқалыпты дамуы үшін біраз заңдар қабылданды. Осы заңдар негізінде мемлекеттің әртүрлі аймақтарында ауыл шаруашылығы дамыту жөнінде бағдарламалар қабылданды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында 2003 - 2005 жылдарға арналған мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы, 2004-2010 жылдарында Ауылдық аумақтардың даму бағдарламасы, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу» туралы заң, «Жол картасы» бағдарламасы қабылданды.

2. Ауылшаруашылық өнімін қайта құру бойынша кәсіпорынды қолдау мақсатында Республикалық бюджеттің үш бағытында жүзеге асырылады:

- ауылшаруашылық өнімін қайта құру бойынша олардың ақша қаражаттарын толтыруға кәсіпорындарға екінші деңгейлі банкпен берілген, несиелер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялаумен бойынша;ә

- лизингке технологиялық құрылғыларды қамтуға;

- ISO 9001 серия менеджмент сапасының стандартын енгізген,

кәсіпорындарға 50 пайызды шығындарын қайтаруға.

3. Кәсіпорынды қаржылық қолдаудың көлемі жыл сайын өскеніне қарамастан, бұл бағытта келесідей мәселелі сұрақтар туындайды:

- субсидиялау тек қаржыландыру көлеміне қосылмаған ингредиенттер мен қосымша материалдарға шығындар мен шикізатты сатып алу бойынша шығындарға ғана бағытталған;

- несиелеудің қысқа мерзімі (1 жыл) және тендерді жүргізу бойынша созылмалы үрдісі;

- толық көлемде субсидияны алу үшін және бағдарламаға қатысуда банктен толық тәуелділігі;

- ірі кәсіпорын үшін жылдық айналымы 1500 ден 5000 млн.тг дейін болып келетін несие ресурстарының бекітілген шегі (150 млн.тг) тиімді емес;

- қуаттылығы аз кәсіпорын үшін банктің онымен жұмыс істегісі келмегендіктен субсидияланған айналым қаражаттарының жеткіліксіздігі және т.б.

Жоғарыда келтірілген мәселелі сұрақтармен байланысты келесідей шараларды қабылдау қажет:

- несиелеу мерзімін ұзарту;

- ірі кәсіпорындарға несиелік ресурстардың шекті мөлшерін жоғарлату;

- квартал нәтижесі бойынша кәсіпорындарды тура субсидиялаудың механизмін бекіту және құрастыру;

- техникамен және құрылғылармен ауылшаруашылықты қамту және агроөндірістік кешеннің субъектісін несиелеу кезінде пайыздық ставканы субсидиялау;

- ҚҚС төлемейтін шикізат құныдылығына ауылшаруашылық өнімін қайта құрастуру бойынша кәсіпорын үшін ҚҚС бойынша салық салу базасы қысқартылу жағына түзетулер жолымен салық ауыртпашылығын төмендету.

Менің ойымша, ауылшаруашылықты қаржылық-несиелік қолдау институттарының кең желісін құруда нәтижесі бекітіледі. Оларға, өз кезегінде жататындар:

1) агроөндірістік кешенінің сақтандыру жүйесі. Нарықтық экономиканың қағидаттарымен сәйкес оның қалыптастыруы мәнді қаржылық шығындарды және ұйымды-құқықтық шешімдер жиынын талап етеді. Бірақта қалыптасуы шарасы бойынша оның несиелік ресурстарға шаруа қожалықтарының рұқсаттылығын және ауылшаруашылықтың инвестициялық қызығушылығы үшін мәнді маңызы бар;

2) жер банкінің тұжырымдамасы. Ауыл үшін банктік капитал ағымы мен агроөндірістік секторды несиелеу мәселелерін шешетін банктік құрылымының жекешеленген ауылдық қаржылық несиелік инфрақұрылымын құру. Осымен қатар, тиімді құрылғылар болып нарықтық айналымға жерді енгізу табылады;

3) ауылдағы несиелік кооперациясы. Коммерциялық емес негізде мәселелерді шешу, соның ішінде несиелік ресурстарға рұқсат алу, активтермен коллективті басқаруды қамтамасыз ету, яғни ауыл

тұрғындарының материал және қаржылық қызығушылықтар бойынша бірігу мүмкіндігі мақсатында ауылшаруашылық тауар өндірушілердің бірігуі.

4) несиелік бюро (немесе несиелік тарихының институты). Нақты секторды несиелеу әрқашан жоғарғы тәуекелмен бірге жүреді. Мәселелердің бірі болып коиен туралы және оның несиелік тарихының толық құндылық объективті ақпараттарының жоқ болуы табылады. Нақты секторды несиелеудің көлемін кеңейту мақсатында клиент туралы асимметриялық ақпаратының сұрағына шешімді табу керек, яғни ҚР территориясында тіркелген, ұйымдар мен ауылшаруашылық кәсіпорындарының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы мониторинг ақпараты мен жиын үшін несиелік бюроны құрудың қажеттелігі пайда болды.

Қойылған тапсырманың толық шешімін бағалау. Алынған ғылыми нәтижелер олардың шешімінің толықтығымен сипатталады және қойылған тапсырмаларына сәйкес келеді.

Нақты қолданылған нәтижелер бойынша берілген мәліметтер мен ұсыныстарды қарастыру. Агроөндірістік кешенді арықарай дамытудың тұрақты бағдарламасын ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылық өнімінің өндірістігін субсидиялау түрлерін мен мөлшерін өсіру керек, егін шаруашылығында сақтандыру механизмін қарастыру және ауыл шаруашылығына мемлекетпен салынған қаражатты қолдануға қадағалауды күшейту қажет. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңын өзгертуді енгізу қажет, осымен мемлекет жағынан фермерлерді қолдауы күшейтілді. Фермерлердің бірлігін фермерлер депозитке ақшаны салу арқылы және оларды егін болмаған жағдайда олармен қолдана алатын Канада, Швеция және Австралия елдерінің тәжірибесі бойынша сақтандыру сызбасын қарастыруды қалайды.

Несиелік бағдарламаның негізгі мақсаты жеңілдік несиелеу жолы арқылы ауылшаруашылық өнімдерін қайта даярлау, сақтау, өндіру даярлығы бойынша ауылшаруашылық инфрақұрылымының серіктестігін құру үшін ауылшаруашылық өнімін өндіруді ынталандыру болып табылады. Осындай несиелік серіктестіктердің бірігуі және құрылуы арқылы агрокәсіпкерліктің болашақта оңды нәтижемен дамуына үлкен сенім арттырады.

Резюме

Камзенова Динара Бакытбековна

**РАЗВИТИЕ РЕГИОНАЛЬНОГО АГРОПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА
НА ОСНОВЕ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ КРЕДИТНОГО
ОБСЛУЖИВАНИЯ**

Реферат диссертации на соискание академической степени магистра экономических наук по специальности 6N0508 – «Учет и аудит»

Актуальность темы исследования. В РК необходимо безотлагательно разработать концепцию финансово-кредитной политики государства в аграрном секторе, призванную стимулировать повышение эффективности сельскохозяйственного производства и адаптацию товаропроизводителей к деятельности в новой рыночной среде, и создать условия для нормальной конкуренции на внешнем и внутреннем рынках.

Объекты исследования – кредитования агропредпринимательства по ВКО.

Цели и задачи исследования - целью магистерской работы является анализ проблемы агропредпринимательского кредитования в Казахстане. Для осуществления этой цели в диссертации решаются следующие задачи:

- показать роль агробизнеса в развитии экономики;
- рассмотреть практические проблемы кредитования деятельности субъектов предпринимательства;
- провести исследования кредитования субъектов агробизнеса, опираясь на практические информации зарубежные и отечественные процессы кредитования;
- сделать выводы и предложения, которые связаны с совершенствованием кредитования субъектов предпринимательства;
- анализировать лизинговые операции в сельском хозяйстве.

Методология и методы исследования. Методология исследования базируется на выработанных экономической наукой представлениях о необходимости государственной поддержки агропромышленного комплекса, сущности кредита, его функциях и принципах кредитования. Все эти положения объединены методологией системно-функционального подхода к исследованию вопроса о необходимости кредитования АПК. В процессе над магистерской работы были использованы следующие методы исследования: методов экономико-статистических исследований условий и результатов сравнительного экономического анализа.

Информационной базой исследования послужили отчетные материалы и статистические данные по Восточно-Казахстанской области. В работе широко использованы законодательные и нормативные акты Республики Казахстан (Национальные программы, Законы, Указы

Президента Республики Казахстан, Постановления Правительства Республики Казахстан).

Научная новизна исследования:

Научная новизна результатов исследования заключается в концептуальном обосновании усовершенствованной схемы функционирования из специального фонда кредитования организаций агропромышленного комплекса на льготных условиях.

Основные положения, выносимые на защиту:

- объективная необходимость поддержки сельского хозяйства со стороны государства для сохранения социально-экономической стабильности в обществе и оптимальность бюджетного кредитования как направления государственной аграрной политики предопределили важное место данного инструмента в обеспечении функционирования агропромышленного комплекса;

- некоторые аспекты кредитования агропредпринимательства на современном этапе;

- методы финансирования инновационных проектов в агропредпринимательства.

Научно-практическая значимость исследования: сделать выводы и предложения соответственно с экономики Казахстана, которая связано совершенствованием механизма и источником финансирования экономического региона инновационного развития, а также эффективная путь кредитования агропредпринимательства.

Summary

Dinara B.Kamzenova

DEVELOPMENT OF REGIONAL AGROPREDPRINIMATELSTVA BASED ON IMPROVING CREDIT SERVICE

Summary of thesis for the academic degree of Master of economic sciences,
specialty 6N0508 - «Accounting and audit»

Relevance of the research topic. In the Republic of Kazakhstan is an urgent need to develop the concept of financial and credit policy of the state in the agricultural sector, designed to encourage greater efficiency in agricultural production and adaptation of producers to work in the new market environment, and create conditions for proper competition in the domestic and foreign markets.

The Objects of research - credit agropredprinimatelstva on EBA.

The aims and objectives of the study - to master's work is to analyze the problem agropredprinimatelskogo lending in Kazakhstan. To this end, the thesis addresses the following tasks:

- show the role of agribusiness in the economy;
- to consider practical problems lending activities of business entities;
- a study of agribusiness lending, relying on practical information, both foreign and domestic lending processes;
- to make conclusions and proposals involving the improvement of lending to businesses;
- to analyze the leasing operations in agriculture.

Methodology and research methods. The research methodology is based on the science of economics developed concepts of the necessary public support to agriculture, the essence of credit, its functions and principles of lending. All these are combined methodology, system-functional approach to the study of the need for agricultural credit. While working on his master's work was used the following methods: methods of economic and statistical research conditions and results of the comparative economic analysis.

The information base studies served as the records and statistics on the East Kazakhstan region. The paper is widely used in legislative and regulatory acts of the Republic of Kazakhstan (National Programs, Laws, Decrees of the President of the Republic of Kazakhstan Government Decree of the Republic of Kazakhstan).

Scientific newness of the study: The scientific novelty of the research results is the conceptual justification of the improved arrangements for the operation of a special fund lending organizations of agroindustrial complex on preferential terms.

The main provisions for the defense:

- An objective the need to support agriculture by the state to maintain social and economic stability in society and the optimal budget crediting both directions of state agricultural policy determined the important role of this instrument in the functioning of agro-industrial complex;
- Some aspects of lending agropredprinimatelstva at this stage;

- Methods of financing innovative projects in agro business.

Scientific and practical significance of the study: conclusions and make proposals accordingly with the economy of Kazakhstan, which is due to the improvement of the mechanism and source of funding for regional economic innovation development, and effective way of lending agro predprinimatelstva.